

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 14 сәуірдегі N 355 қаулысына толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 29 шілдедегі N 791 Қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 19 қаңтардағы № 133 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2012.01.19 № 133 (2012.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Отандық тауар өндірушілерді қолдау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес айқындалған, " Еркін қойма" кеден режимі қолданылатын аумақта өндірілген және Қазақстан Республикасы кеден аумағының қалған бөлігіне сатылатын, сату бойынша айналымдар қосылған құн салығынан босатылатын қазақстандық тауарлардың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 14 сәуірдегі N 355 қаулысына мынадай толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес айқындалған, "Еркін қойма" кеден режимі қолданылатын аумақта өндірілген және Қазақстан Республикасы кеден аумағының қалған бөлігіне сатылатын, сату бойынша айналымдар қосылған құн салығынан босатылатын қазақстандық тауарлардың тізбесі:

мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 22, 23, 24, 25, 26, 27-жолдармен толықтырылсын:

P/c N	Атауы	ЕурАзЭҚ СЭҚ ТН коды	Экономикалық қызмет түрлері бойынша өнім жіктеуішінің коды
1	2	3	4
"22.	Бейне жазғыш немесе бейне көрсеткіш, бейнетюнермен біріктірілген немесе біріктірілмеген аппаратура	8521101000 8521900000	32.30.31
23.	Радиотелефон, радиотелеграф байланысына немесе радиохабарларын таратуға арналған бір корпусқа біріктірілген немесе біріктірілмеген қабылдау аппаратурасы	8527311100 8527190000 8527319100	32.30.44
	Электр ойнатқыш қондырғылар грампластинка ойнатқыштар, кассеталық плеерлер және дыбыс		

24.	жазушы қондырғылары жоқ басқа дыбыс шығарушы аппаратура	8519999000	32.30.31
25.	Магнитофондар және дыбыс шығарушы қондырғыларды қамтитын немесе қамтымайтын өзге де дыбыс жазушы аппаратура	8520200000 8520339000	32.30.32
26.	Теледидар байланысына арналған, радиохабарларын тарату қабылдағышымен немесе дыбыс немесе бейне жазушы немесе шығарушы аппаратурамен біріктірілген немесе біріктірілмеген қабылдағыш аппаратура; бейнемониторлар және бейнепроекторлар	8 5 2 8 8 5 2 8 1 2 8528121000 8528122000 8528125800 8528125600 8528126203 8528125200 8528125400 8528126202 8528126209 8528126600 8528130000	32.30.20
27.	Сығу қондырғысымен жабдықталған машиналарды қоса алғанда, кір жуғыш, тұрмыстық немесе кір жуатын бөлмелерге арналған машиналар	8 4 5 0 1 1 8450111100 8450111900 8450119000 8450120000 8450190000 8450200000 8450900000".	29.71.13

2. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*